

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№4(125)/2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

---

---

## Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар .....	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі .....	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі .....	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде) .....	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы .....	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу .....	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық күзиреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері .....	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі .....	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты .....	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі .....	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде) .....	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы .....	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі .....	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша) .....	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі .....	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті .....	136
<i>Жазбадереқ. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек .....	145

---

---

## Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila .....	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works .....	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English .....	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages .....	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online .....	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language .....	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process .....	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom .....	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character .....	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore .....	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”) .....	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu» .....	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry .....	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans) .....	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language .....	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language .....	136
<b>Chronicle.</b> <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society .....	145

---

---

## Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле .....	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях .....	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи .....	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках .....	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн .....	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке .....	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе .....	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе .....	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде .....	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи .....	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники») .....	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу» .....	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии .....	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана) .....	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку .....	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке .....	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества .....	145

XFTAP 17.82.32

Р.С. Тұрысбек<sup>1</sup>, Э.Қ. Мәтібаева<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>rst58@mail.ru, <sup>2</sup>m.k.emikon@mail.ru)

### Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)

**Аңдатпа.** Мақалада көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылған әңгіме, хикаяттары, ондағы қоғам мен адам, заман шындығы кең көлемде талданады. Жазушы шығармашылығындағы тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтар мәні де сөз етіледі. Жазушы еңбегі мен шығармашылық мәселесіне де тиісінше орын беріледі. Қаламгердің шығармашылық мұрасы, ондағы адам өмірі мен еңбегі, жанр мүмкіндігі мен көркемдік құндылықтары, мәтін құрылымы, образ жасау жолдары, тіл мен стиль сипаттары, соңында қалған мұралары ұрпаққа үлгі, келешекке аманат. Ендеше, оның туындыларын талдап, әдебиет әлемінен әлі де болса тереңірек орын беру – міндет.

**Түйін сөздер:** жазушы, тақырып, жанр, көркемдік, мәтін, эстетика, тіл.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-121-128>

**Кіріспе.** Ұлттық әдебиеттануда жазушы еңбегі мен шығармашылығына кең орын беріледі. Бұл реттен келгенде, көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжан шығармашылығы, әсіресе шағын жанрдағы туындыларының әлеуметтік мәні, тақырыптық жүйесі, көркемдік арналары арнайы сөз етуге, кеңінен қарастырылуға мол мүмкіндіктер береді.

Ойға алсақ, болашақ қаламгер орта мектептің 7-сыныбын бітірген жылы орыс жазушысы Гогольдің «Өлі жандарына» еліктеп пьеса жазады. Артынша Пушкиннің «Руслан және Людмила» поэмасына ұқсас сарында дастан жазып шығады. Осылайша, оның әдеби шығармашылыққа деген құштарлығы оянады.

Мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне түседі. Онда Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Ысмайлов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Асқар Тоқпанов, Ісмет Кеңесбаев, Мұхаметжан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов сынды қара сөз зергерлерінің дәрісімен сусындап, білімін жетілдіреді. Алғашқы туындысы 15 жасында жарық көрген Д. Досжан, бертін келе 19 жасында, яғни 1961 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінде Асқар Тоқмағамбетовтің алғысөзімен бір топ өлеңдерін жариялайды. Болмысына адамзат баласына қажетті сезімдердің, өнердің, таланттың, дарындылық пен даралықтың тұтас табиғатын бір-ақ жиып алған жазушы араға уақыт суытпай бірінің артынан бір жаңа туындыны жарыққа шығарады. Қиялын қанат, арманын арғымақ ете отырып, «Ұста», «Тобылғы» әңгімелерімен шығармашылықтың шыңына өрлей береді. 1971 жылы «Жусан мен гүлдер» кітабы шықса, 1972 жылы Қазақстанның миллиард пұт астық жинауы туралы «Дән», «Диқан» очерктері үшін Қазақстан Орталық партия комитеті мен Үкіметінің марапат қағазын алады.

**Зерттелу нысандары.** Авторлық жазбаға назар аударсақ, өзінің пенделік ғұмырында 11 роман, 22 хикаят пен 100-ден астам әңгіме жазған қаламгер ұлт мақтанышына айналды. Тіл табиғаты бай, шұрайлы келетін жазушының ең көп оқылатын автор екендігі де оның шығармашылығының көркемділігімен байланысты. Ол – астарлы шындықты бағамдайтын шыншыл қаламгер, қоғамдағы өткіртақырыпты дөп басып жазатын жазушы. Бұл ретте зерттеушілер оның шығармашылығын үш салаға бөліп қарастыратынын ойға алған жөн. Айталық, *бірінші:* көне ғасыр қойнауынан ер түрік рухын тірілткен 60 жылдар басындағы тарихи тақырыптағы – «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби» шығармалары. *Екінші:* бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған



өмірзая ұрпақтар образдарының галереясы – «Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі», «Кісі ақысы» кітаптары. Ал үшіншісі: ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен сериялық кітаптар қатарына – «Мұхтар жолы», «Абайдың рухы», «Алыптың азабы» кітаптары енеді [1, 62].

Осы орайда Д. Досжанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 60 жылдай жабулы тұрған мұрағатына алғаш кіріп, сот құжаттары желісімен 1992 жылы «Абақты» атты дерекнама кітабын жазғанын айта кеткен жөн. Артынша, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қырғынының қанды ізімен – «Алаң» романы дүйім жұртқа жол тартты. Біздіңше, бұл туындылар тақырыптық мәнімен, елдік-ерлік рухын асқақ көрсетуімен, бастысы жанр жүйесі мен көркемдік өрісті, танымал тұлғалардың өмір-тағдырын дәлелді де нақты, нанымды суреттеуімен құнды болып табылады.

**Нәтижелері мен талдаулар.** «Дүкенбай Досжан қолтаңбасының ерекшелігі: дүниені суретпен көреді, аллегория, шендестіруге жиі жүгінеді. Тіл құнары бай. Көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашуда – ой ағынына, пәлсапалық түйін түюге, максималистік көзқарасқа басымдықпен қалам тербейді» [1, 6] Бұл жай ғана анықтама емес, расында солай. Осы ретте, Әбіш Кекілбаевтың Д. Досжанға арнап: «Жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы» дегені ойға оралады. Дүкенбай Досжанның қаламы жазбаған, сиясы тимеген тақырып жоқтың қасы деуге болады. «Ол жеке бастың қамын күйттемей, әдебиетке адал қызмет ете отырып, аса төзімді, аса бейнетқор, ақжарқын кейіпкерлер галереясын жасады. «Өмір сүру – өнер», «...әр тағдырдың өз шындығы бар», «ақын – жаратқан иенің жердегі көзі», «жікшіл адам жартыкеш» секілді көптеген ой оралымдарын туғызды» [2].

Жазушының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген – 1997 жылы «Алыптың азабы», 2000 жылы – «Дала гладиаторлары», 2005 жылы – «Ақ Орда» романы, «Үш тағдыр», «Балалықпен тілдесу», «Диолог с детством» туындылары баспа беттерінде жарияланса, ал 2006 жылы – «Жан тәтті», 2007 жылы – «Астананың бас архитекторы», 2008 жылы – «Жазмыштың формуласы», «Абайдың рухы», 2009 жылы – «Терезенің жарығы», «Когда я умирал» атты кітаптары шықты. Бұл еңбектердің қай-қайсысы да ізденіс пен еңбектен тұратыны ақиқат.

Теориялық тұрғыдан талдар болсақ, А. Байтұрсынов: «...Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: біріншісі – ақылға, екіншісі – қиялға, үшіншісі – көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [3, 10] дейді. Осыны назарға ала отырып, Д. Досжанның сөз өнері аталған үш негізге – жинақы ой, композиция, тың идеялармен барып орнығатынын, қиялымен меңзеп, ақылымен ұғына отырып, көңілімен ою түюге жүгінетінін байқау әсте қиынға соқпайды. Анығында жазушы шығармашылығында шағын жанрдағы туындылары өзінше әлем, өзгеше өрнек құрайды. Мұның барлығы да оның даралық сипатын білдіреді.

«Шығарманың белгілі бір жанр аясында болуы – жай ғана нәрсе емес. Жанрдың ерекшелігі шығарманың бүкіл көркемдік болмысын айқындайды. Бір сюжет әртүрлі жанрда әр түрлі шығарма береді. Ол шығармалардың көркемдік сипаты, эмоционалдық күш-қуаты жанрдың қасиеттеріне байланысты» [4, 17]. Д. Досжанның шығармашылығындағы жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтары ұтымды жасақталған деуге болады. Жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелеу, өрілу тәсілдері болса, қаламгер әңгімелеріндегі құрылым, сюжеттің ретті баяндалуы, олардың бір-бірімен ұтымды байланысуы анық көрінеді.

Мысалы, «Ине ұшындағы өмір» хикаятындағы оқиғаның басталуы, қызған шағы, бас кейіпкердің дертті жұқтырып өмірінің астан-кестені шығуы (шиеленісуі), оның себептері мен салдарын іздеуі, сүйіктісіне қосыла алмай арманда кетуі. Әңгіме басында бір рет

аты аталған грузин жігіті Жұманың оқиға соңында дйттеген мақсатына жетіп, еріксіз күле беруі. Оқырманға екіұдай ой салып қояды автор. Айбар ауыр дертті абайсызда жұқтырды ма, әлде қасақана жасалған нәрсе ме?

Онда негізінен заманның өзекті болған мәселесі, ғасыр дерті – СПИД ауруы жайында егжей-тегжейлі ақпарат беретін жазушы, адамзаттың тағдыр алдындағы әлсіздігі, дұрыс жүріп-тұру, адал өмір сүру, махаббат пен ғадауат, тіршілік пен өлім мәселелерін қозғайды. «...Дүниені бар бояуымен сезіну – адамның аса бақытты кезеңі. Кейінгі кезде сол бояу солғын тартып, мына тіршілік дәмі таңдайына кермек татып бара жатқандай. Жасыл бояуды сезінбейді, жүрегі лоблып құсқысы келеді» [5, 7]. Бұл бас кейіпкер Айбар Арыстанұлының соңғы кездегі жай-күйі. Автор осы хикаяты арқылы аты жаман дерттің неге мына ғаламды дендеп кеткендігіде тереңірек үніле отырып, оған тұшымды бірнеше жауаптар береді: «...Адамдар қатыгездене түсті. Аяушылық азайды. Бірін-бірі жоюдың сұмдық жаңалығын ашты. Ғылым мен техника заманы адамның рухани жетілуін ұмыттырды. Дүниені жалған деп жалпағынан, жанымен қабылдаудан қалды. Рухани әдепті тозған киімше лақтырып, жан әлемін жетілдірудің орнына қатып қалған заңдылықтардың қалбырына қамады. Адамдар Жоғарғы еріктен қол үзді», -дейді қаламгер. Бұл ретте ұлы жаратушыға сенім артудан, үміт етуден тиылғандардың сүрлеуі соқпақ өмірдің кермек дәмін татарына көзсіз иландырады. Одан кейін: «... Ең жаманы – адам санасына күдік пен өшпенділік дендеп енді. Не істесек те еркімізде, есеп алып, таразыға салып істеген күнәні өлшеп-пішетін құдірет жоқ деген сенім иектеді», -дейді ашынып. Артынша, дөңгеленген дүниенің науқасқа айналғанын, оны емдей қоятын құдірет-күш шықпағанына назар аударады. «Адам ағзасындағы ауру бірте-бірте жерге ауысты. Тіршілік тамырын қиған қилы қатерлі шіри бастаған денелерді, атом қалдықтарын, улы заттарды жер қойнына көміп құтылуға дағдыланды. У мен ауру қоймасына айналған дүние ырғағынан жаңылып, қалыпты райы бұзылып, әр түкпірде жер сілкіну, өзен, теңіздің тартылуы, дауыл, аштық, індет, тұмау, соғыс, ереуіл, опасыздық дендеді; ертеңінің не боларын болжап білу қиындады.

Керісінше, көріпкел, тәуіп, құмалақшы, жорамалшы, машайықтар көбейіп: «... бұл не деген заман туды!», -деп гөйгөйледі. Осыдан барып аса қатерлі жалмауыз дерт дүниеге келді. СПИД шықты» дейді тағы да тереңірек қазбалап. Құлшынып жүрген кісіні бақи жалғанға жүр-жүрлеп мәңгі ұйқыға жетелейтін дерттің жаратқан иенің жер бетіне жіберген алғашқы хабары, көктамырға есірткі егіп, бейберекет жыныстық қатынас жасаған сайтанның сапалағына тікелей төндірген сазайы, ашу-ызасы осы болғанын меңзейді. СПИД те дерт. Оны автор қоғам кеселі деп танып, көркемдікпен меңгеріп, өмір ағынымен сабақтастықта сөз етеді. Табиғатын ашады. Тереңіне енеді.

Анығын айтсақ, жазуға да, зерттеп-ізденуге ауыр тақырып. Рухани салмақ салатын дүние. Адамға күдік пен қорқыныш сезімін, сонымен қатар сақ жүрудің, абай болудың, мұқияттылықтың мұраттарға жеткізетінін ескертеді. Одан бөлек, Д. Досжанның адам бойындағы үрей мен тәкаппарлықтың түйісетін тұсы, екі сезімнің бір мезетте ақылды байлауы, оның қандай жағдайда адам баласының басына түсетінін дөп басып жазған хикаяты – «Үрей». Осы бір туындыны жазу үшін ол аспан тәңірісіндей көрінген, үнемі басын бұлт бүркеп тұратын, Қазақстанның ең биік нүктесі – Хантәңірі шыңына аяқ іліктірген кісіні іздеп табады. Үнемі бұлт сүтін еміп, төмендегі пенделерге бауыры жібімейтін алып шыңға барысша ытырылып шыққан тәуекелшіл кісімен ауызба-ауыз тілдесуді жөн көреді. Мақсаты – шың басына шыққан альпинистің көңіл күйін өз аузынан есту, жүрек дірілін дөп басып суреттеу. Нарынқол селосының ауруханасында белінен шойрылып жатқан альпинисті іздеп баратын автор, оның тау шыңына шыққандағы көңіл күйін өз аузынан естімекке ниет етеді.

Осы орайда бір ғана хикаят жазу үшін Д. Досжанның қаншама ізденісі, ақиқатқа ұмтылуы, шындыққа сүйенуі сүйсінтеді. Асылы, туынды табиғатынан, шынайы шығарма астарынан да авторлық ұстаным аңғарылады. Ойға алсақ, шығармасында шынайы кейіп-

керлер өмірі суреттелген бұл хикаятта да өз күшімен биліктің шыңына шығып, Прьемердің көмекшісіне дейін көтерілген Шұғайыптың бойын кенеттен жалмаған үрей туралы баяндалады. «... Шың басына шыққан адамды ең әуелі ұлы тәкаппарлық сезім билейді (тәкаппарлық емес, ұлы тәкаппарлық)», -дей келе қаламгер: «...Премьер үстелі – Хантәңірі шыңы» деген сөзді Алматы мәрінің аузына салады. Биліктің алып шың екендігін, оған мықтылар ғана адымдап шыға беретіні, сәл әлсіздік танытқан жандардың ылдилап құлап, тіпті сүйегінің табылмай қалатынына мысал келтіреді. Автордың: «... Биікке шыққан кісіні биіктік дерті шалады. Бірі табан астындағы терең шыңырау, екіншісі сол тереңге жұтылам ба деген тілсіз үрей меңдеген кісі ашушаң әрі айнығыш. Тұла бойы қали-қали тітіреп, жүрегің қатал мінез меңдейді», -деуі де тегін емес. Билік басына шығу жолы қандай азапты болса, шыққаннан кейінгі тіршіліктің тіпті де қиын екендігін, тәкаппарлық пен үрейдің қатар жүретіндігін тұспалдайды. Шұғайыптың халі туралы: «Өзін биік шың басына шыққан альтинист секілді сезінгені, басы айналып, аяғы тайып шыңырауға құласа ғой, жан баласы сүйегін теріп ала алмайды. Қаниша нық тұрамын дегенімен көкірегінен көлеңке үрей жуылмайды. Биіктің өзі үрей», -деп жазғанында шынайы шындық, көркемдік өрнектер мол. Бейнелілік суреттер көрінісі кең орын алады. Тіл мұраты да айқын.

Бұдан басқа, көрнекті қаламгердің әңгімелерінде ұлттық болмыстың белгісі, қазақи тұрмыс-тіршіліктің мән-жайы ұтымды берілген «Шортанбай», «Қымыз», «Саумал», «Көкпар», «Өрік» секілді әңгімелерін атауға болады. Қаламгердің әңгіме жазудағы және шығармаларының өзгешелігі жайында қаламгерге арналған «Тарланбоз» кітабында профессор Рақымжан Сағымбекұлы: «... Шағын жанрдағы ізденісі алабөтен. Сөз қолданысы, сөйлем нақышы – бәз-баяғы дүниені суретпен көру шеберлік мектебінен. Ұлт мұраты, халықтық салт-дәстүр өнегесі кейіпкердің өзіне шақ көйлегіне ұқсап қанық та алуан бояуымен көрініс тауып, кеп шертеді. Әңгімелеріне («Жаңғақ», «Нәресте», «Жолаушы», «Өмір арбасы», «Шырақшы», «Тегіне тарту», «Екі дүние есігі») тән басты аллегория – «әу» дегеннен атойлап алғы межседе, жұлын тұста. Түпқазық мазмұн, уақыт тынысы сахарадан соққан ыстық желдей аңқаны кептіреді. Кейіпкер мінезі, тіл-стиль сипаты әрдайым жақұт тасы есепті тосын қырынан жарқ та жұрқ көзге ұрады. Адамгершілікті биік ұстау, жақсылық, ізгілікке ғұмырын сарп ету («Жаңғақтағы» шешен шалы Ахмет); ұлт мұраты, ұрпақ қамы, адал жар сипаты («Нәрестедегі» Мыңжасар, Зәуре); көріпкелдік, шығармашылық құдірет («Шырақшы», «Суретші»); туған топыраққа тарта туу («Қызыл кеніш оқиғасы», «Тегіне тарту») тайға таңба басқандай, сұлуға алқа таққандай көз тартып, көңіл көншітеді» [6, 151].

Тегінде, әдеби шығармашылық іргелі ізденіс пен ерен еңбекті қажет етеді. Үнемі іздену, еңбектену, зерттеу және зерделеумен өткізген әрбір күні босқа кетпей, халыққа қарлығаштың қанатымен су сепкендей кестелі ойы, көркемсөз өнерімен нәр берді. Кітап палатасының есебі бойынша, Қазақстандағы ең көп оқылатын жазушы атағын алуы да тегіннен тегін емес, сондай-ақ, әр жаңа тақырыбы оқырманын бей-жай қалдырмайтын тың дүниелерге қол созатын қаламгер қазақ әдебиетінде таза тарихи тақырыпқа тұңғыш қалам тартқан автор деп танылды. Өйтпеске болмас, дүниені сөзбен суреттеп, оған бойындағы бар жиған асыл сезімдерімен бояу беріп, ешкімге ұқсамас қияли қанатымен көкке өрлетіп, сезім шырғалаңы арқылы өне бойыңды шымырлатар әр шығармасы бір-бірімен салыстырары жоқ, бірінен бірі оза шауып тұрған асыл мұра деуге әбден болады.

Саралар болсақ, көркем сюжетке десек пе, әлде тағдырлардың тылсым жолмен тоғысуына әкелетін сырлы сезімге толы «Келіншек асуына» назар аударайық. Автор үлбіреген нәзік сезім, мұңлы сағыныш, зорығу, қимастық пен ғашықтық ғадауатын ғажап суреттейтін әңгімеде адамзат баласының мыңнан біріне ғана берілетін, сезілетін махаббат дүниесін алдыңызға паш етеді. Дүниеқұмар, сараң күйеуінен күнгейдің қойшылары қарызға ши алып қыстауға көшіп кеткенінде кеткен ақшаға іші удай ашыған Жүзжасар қарыз ақысын алып

келуге күні тұтамдай қараша айының аяғында алыс жолға келіншегі Тұрсынбаланы еш қиналмастан аттандырып жібереді. Жолда табиғаттың тосын мінезінен жол азабын тартқан келіншекті күнгейдегі жылқышы, бала кезде бірге өскен қорғаушысы Досай тауып алады. Ол қалай, неге тапты?

Күнделікті әдетінше, жылы-жұмсағын жеп алып, мамық төсегіне жантая кететін Досайдың сол бір түнде ұйқысы қашып, ішінің алай-дүлей болуы, оқтын-оқтын терезеден аяздың ысқыруын тындап қоятыны, жақын маңда жанына жылу сезген жүрегі, таңға дейін көз ілмеуі, белгісіз себептермен тысқа шығып, әлдекімізді іздеуі – автордың оқырманға қалдырған жұмбағы. Осы арқылы түн баласы суықта үсіп отырған Тұрсынбаланы тауып алуы, екеуінің арасында бұрын маздап, кейіннен сөнуге айналған нәзік сезімнің қайта тұтануы, қорғаушысын кезіктіріп, Тұрсынбала ендігі өмірінің сәулелі болатынын ойлауы қаламгер құпиясы дерсіз.

Айтып отырғанымыздай, Д. Досжанның қаламы тимеген тақырып жоқтың қасы. Ол мөлт еткен бір сезімді, қылт еткен бір құбылысты құр жібермейтін жазушы. Кез келген ұсақ-түйек дүниелерге тереңірек мән беріп, қажетінше жан бітіреді. Тілсізді үнді етеді, құнсызды құнды етеді. Бұл ретте адамзат баласының қойдан жуас мінезді, көнбіс, табиғатынан момын боп жаратылатын жандарға арнаған – «Момындар» әңгімесінің де орны бөлек. Ондағы басты кейіпкер, ортақ шаруаға әсіре бейіл Айса шал – жұрт аузындағы «момын Айсекең» ауылдағы қандай іске, жұмысқа болсын белсене кірісіп, ауыл адамдарының қажетіне жарап жүргені. Жұрт тісі батпайтын істерге қолынан келгенінше мехнатпен құлшынып кететін ол, бұл жолы да ауылдас диқаншы дүние салғанда көр қазуды нәубет көрген ауыл жігіттерінен алға шығып, қасына баласындай бауыр басып кеткен Тойболдыны ертіп алып, мәйіттің үйін дайындауға көшеді.

Бесін ауған уақытта шаруаларын бітіріп, үсті-басын қағып, жаназа оқылатын жерге келгенде, Айса шалдың көнбістігінен көрер азабы әлі де бітпеген болатын. Жолда көлік бұзылып, жаназа оқылатын уақыттан өтіп кеткен соң жеткен молда мәйітті тағы бір күн қалдыруға ұйғарым етеді. Шарифат заңы бойынша, алдын ала қазылып қойылған көрге бір адам түнеп шығуы немесе қайта басқа жерден қазуы қажет. Білген кісіге көр қазу оңай шаруа емес, сондықтан оны қайта қазу машақатына қарағанда ішіне таң атқанша түнеп шығуды жеңіл көрген Айса шал бейіт басына аттанады. Пенде емес пе, жүрегі өрекіп қорықса да, оның үстіне молданың дастархан басында айтқан әңгімелері есіне түсіп, бойын үрей билесе де, көрдің іші қараңғы, әрі сыз, жәндіктердің көптігіне қарамастан момын шал берілген уәде бойынша өз міндетін орындауға көшеді. Онсыз да белі ауыратын қарияның сызға денесінен суық өтіп, жәндіктер қаумалап таңға дейін құр сұлдері қалады. Молданың бір ауыз сөзін, шарифат үкімін жерге тастағысы келмеген ол осыдан кейін дертті болып көп уақыт төсек тартып жатып қалады. Оқыған сайын оқи түскің келетін қызықты оқиға.

Ендігі кезекте мистиканы тірек ететін «Нәресте» әңгімесін алып қарайық, салт-дәстүр, ата-баба жолы, қазіргі заманның ағымы – барлығын тоғыстыру арқылы ғажайып туынды дүниеге келген. Жаңа туған нәрестені ағайыны Бекбергеннің қыстауымен баяғы бабасынан қалған кеудеше тонға орауынан бүкіл сұмдықтың басталғаны. Кішкентай сәбидің ай толғанда бет әлпеті өзгеріп, тістері ақсиып, кәртамьс кісіге айналатыны ата-анасының дегбірін қашырады. Шақыртқан дәрігерінің айтуы бойынша, нәрестедегі құбылу – миллион жылдарда бір туатын феномен, яғни болашақта айтқаны айнымай келетін сәуегей болады деген сөз.

Осылайша, оқи берсең – тереңірек қаза түскің келетін, ой ішінен ой теретін әңгімелерге бай қаламгердің идея табудағы, кейіпкер таңдаудағы талпынысы алабөтен. Оқырманның жан әлемін, жүрегін тербетуге машықтанған жазушының жауһар шығармалары ағылшын, орыс, жапон, қытай, швед, чех, молдаван, мадияр, монғол, эстон, украин, түрік, пұштын тілінде жеке жинақ болып жарық көрді. Әлемнің бірнеше елдерін мойындатқан

осы тектес туындылар ел мақтанышы, болашақтың мұрасы іспеттес – орны ерекше жәдігерлер деп білеміз. Бұдан басқа, «Кісі ақысы», «Ақыл иесі», «Қос бұтақ», «Қыз әні», «Пайғамбар», «Жылы жауын», «Жігіттің бір жұрты», «Ергежейлі», «Шипалы су», «Жаңғақ», «Екі дүние есігі», «Құланшыда қалған із», «Қыдырдың құбылысы» т.б. шағын жанр туындылары өмірдің қилы сәттерін, адамның кейбір кездерін, тағдырлы-тұрлаулы мезеттерді кең түрде, терең сипатта суреттеледі.

Ал Д. Досжанның «Ергежейлісіндегі» Яғымусы туралы Азамат Есенжол сайқымазақ балалардың тілінде «жағымсыз» аталып кеткен кейіпкері «...еш қалыпқа сыймайтын, өз басымен өзі алысып жүрген әпендімінезі көңілімді қатты толқытты», -дейді. Бұл туындысында автор кейіпкер таңдаудағы ерекшелігін анық аңғартады. Адамдар бұрын-соңды естігенімен, өмірлерінде кездесіп көрмеген ергежейлілер туралы тамаша туындыны алдыңызға паш етеді. Ергежейлі Яғымус – бұрын ұшыраспаған, тосын бейне, тың образ. Құйтандай кішкентай кейіпкерін жазушы жанды қуыршақша шырқ үйіріп сөйлете білген. Жан сарайын аралап көрсеңіз, жүрегіңіз сыздайды. Әңгіменің өне бойынан жалғыздық... жетімдік... жетіспеушілік... дерті желдей еседі. Жүрегіңді кермек мұң кеулеп, тұнжырай түсесің, әлемтапырық күй кешесің. Яғымустың жалғыздық дертін өзің де бастан кешкендей боласың. Сөз, сөйлем баланың ойымен өріліп, әрқилы әсерге бөлеп, бесіктегі сәбише тербетеді. Жүрекке қоңыр мұң ұялайды. Шығарма нендей кепті сөйлетсе де оқылып, оқырман ойын сан-саққа жүгіртіп, толқыта білсе, дегеніне жетті деп білгейсіз. Күндердің күні қаламгер иелігінен шығып, халықтың көркемсөз қазынасына айналады [7].

Анық аңғарылатын жәйт: автор тақырыптың ішкі иіріміне еркін енеді. Табиғат көріністерін көркем, бейнелі баяндайды. Қаһарман характерін, әрекет-қимылын жіті бақылайды. Оқиға өрімін, көркемдік қабылдау жүйесін, талдап-зерделеу мәнін табиғи дамытады. Көркемдік өрнектер, тіл қазынасы кеңінен көрініс береді. Бұл реттен алғанда, сөз жоқ автор ойлары мен толғаныстары мәнді, баяндау мәнері нәрлі, ой-сөз жүйесі айқын, тіл мүмкіндіктері, көркемдік әдіс-тәсілдер жүйесі бедерлі, өмір-тұрмыс, тағдыр талқысы сенімді суреттеледі. Жазушы еңбегінің құнарлы қырын, ұнамды сипаттарының бірі осы.

«... Жазушы Д.Досжан шығармашылығы: ізденіс, еңбек, шеберлік сынды талант пен тағдырдың, таным мен талғамның, қалам мен қарымның мүмкіндік-иірімдерін айқын аңғартатын асыл арналардан, туған ел-жердің арғы-бергі тарихын танып-білуден, көркемдік-құпияларына құштарлықтан бастау алады» [8, 328]. Бұл профессор Р. Сағымбекұлының қаламгердің жеке шығармашылығына арнаған сөзі. Оның айтуы бойынша, шығармашылық еңбектің болмыс-бітімі, өмір құбылыстарының көркем әлемге көшу процесі, қаламгердің қоғамы-адами бейнесін танып-түстеу, әдеби-ғылыми байыптауды, ізденіс пен зерделеуді қажетсінеді. Бұл – бір. Екіншіден, Қағаз бен Қаламның құдірет-киесін терең сезіну, соған сай іргелі ізденіс жасап, ерен еңбек ету – ұлт мұратына, ел-жерге, тарих пен танымға, ең негізгісі, руханият ісіне адалдықты айқын аңғартады. Жазушы Д. Досжан шығармашылығы осы мақсатқа әбден лайықты. Жазушы мұраты да осы [8, 339].

Осы орайда қаламгердің сөздік қоры жайында М. Жолдасбеков: «...1974-1986 жылдары Ұлттық ғылым академиясының тіл білімі институты он томдық қазақ тілі түсіндірме сөздігін шығарды. ...Осы он томдықта ең көп мысал, сілтеме – Д. Досжан шығармаларынан алыныпты. Мұның өзі қаламгер тілінің бай әрі құнарлы екендігінің, шығармаларының бейнелі екендігінің айғағы. Дүкенбай шығармаларының тіліне ерекше көңіл бөлу керек. Қазақ прозасында ой ағынын, дәлірек айтсақ сөзбен сурет салу, сөз сиқырымен (қандауыры) кейіпкер жансарайына еркін ену тәсілі – Д. Досжан әңгімелерінің ерекшелігі. ... 1996 жылы Мемлекеттік сыйлықты иеленді. Өз қиялына, өзі бояған көркемдік әлемге арбалған адамдай көзжұмбақпен сену сирек құбылыс. Әсершіл, әсірешіл суретшіде ғана жиі ұшырайды. Бояумен елестетуді авангард мектебінің түлектері жиі ауызға алады. Сөзбен елестету – психоанализ мектебінен өсіп-өнген үрдіс» -дейді [9].

**Қорыта айтқанда,** жазушы Д. Досжанның шағын жанрдағы туындылары қоғам мен адамның, заман шындығы көріністерін кеңінен қамтып, оны тақырыптық тұрғыдан байытып, жанр мен көркемдік үрдістер, тіл мүмкіндіктері негізінде нақты да нанымды суреттейді. Қаламгер көзқарасы мен қолтаңбасынан адам өмірі мен еңбегі, ауыл мен қала көріністері, тарих пен таным арналары, дүниетаным иірімдері мен тәрбие тағылымы кең орын алады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Досжан Д. Көркемсөз шебері: библиографиялық көрсеткіш. /Д. Досжан – Астана: Фолиант, 2012. – 222 б.
- 2 Өмірзақ А. Ұлт болмысын ұлықтаған қаламгер. / А. Өмірзақ // Түркістан, 13. 09. 2017. [Электронды нұсқа] – URL: <https://turkystan.kz/article/39872-lt-bolmysyn-ly-ta-an-alamger> (Қаралды - 15. 10. 2018)
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. / А. Байтұрсынов – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 4 Бүгінгі әдебиеттану: жанр және көркемдік ізденіс. – Астана, ARDAprint, 2017. - 334 б.
- 5 Досжан Д. Ине ұшындағы өмір / Д. Досжан – Астана: Фолиант, 2002. – 112 б.
- 6 Тұрысбек Р. Тарланбоз // Р. Тұрысбек. Құбылыс – Алматы: Дәстүр, 2015. – 482 б.
- 7 Есенжол А. Жанкешті жазушы. /А.Есенжол // Астана ақшамы. – 2012. – 12 мамыр. [Электронды нұсқа] – URL: <http://www.astana-akshamy.kz/zhankeshti-zhazushy/> (қаралды - 11. 12. 2018)
- 8 Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. Зерттеу мен зерделеу. / Р.Тұрысбек – Астана: Арай, 2008. – 632 б.
- 9 Жолдасбеков М. Оқырманы ең көп жазушы. / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. - 08. 09. 2012. [Электронды нұсқа] – URL: <https://egemen.kz/article/okyrmany-en-kop-zhazushy> (қаралды - 24. 11. 2018)

### Р.С. Турысбек, Э.К. Матибаева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Художественный мир малого жанра (по творчеству Д.Досжана)

**Аннотация.** В статье широко анализируются рассказы и повести известного писателя Дукенбая Досжана, написанные в годы после обретения независимости. В статье говорится о спецификаций тем, системы жанра, значение художественно-эстетических ценностей. Особо рассматривается труд и творчество писателя. Творческое наследие писателя, жанровые и художественные ценности, структура текста, способ формирования, язык и стиль – это пример для будущего. Нам предстоит проанализировать его работы и дать более глубокое представление в литературном мире.

**Ключевые слова:** писатель, тема, жанр, художественный, текст, эстетика, язык.

### R.S. Turysbek, E.K. Matibayeva

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### The art world of a Small genre (According to D.Doszhan look)

**Abstract.** The article widely analyzes the stories of the famous writer Dukenbai Doszhan written in the years after independence. It talks about the specifications of the theme, the genre system, the role of artistic and aesthetic values. The work and creativity of the writer are considered. The creative heritage of the writer, genre and artistic values, the structure of the text, the method of formation, language and style, is an example for the future. It is necessary to analyze his work and give a deeper insight into the literary world.

**Keywords:** writer, theme, genre, art, text, aesthetics, language

## References

- 1 Doszhan D. Korkemsoz sheberi: bibliografyalyk korsetkish [Candidate of Thought: bibliographical index]. (Foliant, Astana, 2012. P. 222) [in Kazakh]
- 2 Omirzak A. Ultbolmysynulyktaganqalamger. [A writer who honored the nation]. (Turqistan. 2017) [Internet version] - URL: <https://turkystan.kz/article/39872-lt-bolmysyn-ly-ta-an-alamger> (reviewed - 15. 10. 2018) [in Kazakh]
- 3 Baytursynov A. Adebiet tanytkysh [Literature Demonstration]. (Atamura, Almaty, 2012. P. 222) [in Kazakh]
- 4 Buginiadebiettanu: janrjanekorkemdikizdenis [Modern Literature: genre and artistic search]. (ARDApint, Astana, 2017. P. 334) [In Kazakh]
- 5 Doszhan D. Ineushyndagyomir [Life on the shoulder]. (Foliant, Astana, 2002. P. 112) [in Kazakh]
- 6 Turysbek R. Tarlanboz [Incendiary]. (Dastur, Almaty, 2015. P. 482) [in Kazakh]
- 7 Esenzhol A. Zhankeshtizhazushy. [A beloved writer]. (Astana aqshamy. 2012) [Internet version] - URL: <http://www.astana-akshamy.kz/zhankeshti-zhazushy/> (reviewed - 11. 12. 2018) [in Kazakh]
- 8 Turysbek R. Ult muraty zhane ruhanyat [The Nation's Idea and Spirituality]. (Arai, Astana, 2008. P. 632) [in Kazakh]
- 9 Zholdasbekov M. Okyrmany en kop zhazushi [The most reader is a writer]. (Egemen Kazakhstan. 2012) [Internet version] - URL: <https://egemen.kz/article/okyrmany-en-kop-zhazushy> (reviewed - 24. 11. 2018) [in Kazakh]

### Авторлар туралы мәлімет:

**Тұрысбек Р.С.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

**Мәтібаева Э.Қ.** – I курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш.2, Астана, Қазақстан.

**Turysbek R.S.** – Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2, Astana, Kazakhstan.

**Matibayeva E.K.** – Master degree student of I course, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.